

Қарашаның он алтысы Сынып жұмысы



Мына ребусты шешіп, сабақтың тақырыбын анықтаймыз




”



”

Отырар-өркениет ордасы

Городище Отрар.
Художник В. Логинов



Сабақтың мақсаты:

7.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру

Жаңа сөздер

Танымал-известный

Жазба деректері-летописи

Кепілі-гарантия

Бұйымдарға-изделиям

Өгіз терісі-кожа быка

Уағызшылары-проповедники

тақуалары-благочестивые

Ықпалына көшу-перешел влиянию

Дәстүрге айналдыру-перейти в традицию

Шалғайдағы-в отдаленных

Ғұламаларын-ученых

Сахабаларын-товарищей

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3 -тапсырма.
Мәтінді тыңда. Оқы.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Ежелгі Қазақстан қалаларының ішінде Отырардың аты екі жайтқа байланысты ерекше айтылады: 1) ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған қала ретінде кеңінен **танымал**; 2) әлемдегі ең ірі кітапхана орналасқан мәдени орталық ретінде белгілі. Алғаш рет «Отырар» және «Фараб» атаулары біздің заманымыздың IX ғасырындағы **жазба деректерде** кездеседі.

Отырар XIII ғасырдың ортасында Батыс пен Шығыс арасындағы жолда ірі сауда орталығына айналды. Себебі Ұлы дала арқылы өткен Ұлы Жібек жолы — өркениеттің **кепілі** болды. Түркі қағанаттары жалпыадамзаттық өркениетті ұштастыра айтты. Батыс пен Шығыстан өздері де үйренді, өзгелерге де үлгі көрсетті. Алтын мен күміс **бұйымдарға**, «Мәңгілік тастарға», **өгіз терісіне**, қағазға басылған жазулар, теңгелердегі таңбалар — соның дәлелі.

«Шығыстың гүлдену дәуірі» тұсында христиандар **уағызшылары мен тақуалары** өртеген Александрия кітапханасын қайта түлету мақсатында араб халифаттары Харун әл-Рашид (786–809) пен Мамун (813–833) **«Даналық үйін»** («Байт әл-Хикма») ашады. Аса бай кітапхана, расытхана ашады. Ғылымның барлық саласына арналған кітаптарды бір орталыққа жинап, ғылыми-зерттеу, аударма, кітап шығару істерімен белсене айналысады. Бұл ислам **ықпалына көшкен** Орта Азиядағы Хорезм, Бұқара, Самарқан, Отырар шаһарына да тікелей әсер етті. Әр қалада өз «Даналық үйлер» ашылды. Жібек жолының бойымен керуен бастаған көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар әкіміне кітап сыйлауды **дәстүрге айналдырды**. Тіпті, бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды. Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды қала тұрғындары ғана емес, **шалғайдағы** басқа қаланың тұрғындары да пайдаланды.

Отырар қаласына Мимун халиф ерекше көңіл аударған. Ол араб ғылымы мен мәдениетінің ең озық үлгілері мен **ғұламаларын, сахабаларын** Отырарға аттандырды, кітапханалар мен мектептер, медреселер мен мешіттер салдырды. Сондай «Даналық үйінен» Әбу Насыр әл-Фараби де дәріс алды.

(Т. Жұртбай)

**Мәтіннен ең негізгі
ақпаратты
табамыз, дәптерге
жазамыз**

Дискриптор:

**1. Мәтіннен негізгі ақпаратты
табады**



Сұрақтарға жауап береміз:

1. Неліктен Отырардың аты екі жайтқа байланысты айтылады?
2. Неліктен Отырар ірі сауда орталығына айналды?
3. Александрия кітапханасы өртенгесін, қандай үй ашылады?
4. Көпестер нені дәстүрге айналдырған?



«Хикая картасы» әдісі

Әбу Насыр
Әл Фараби
туған

Ең ірі
кітпхана

Отырар
фараб деп
аталған

Ірі сауда
орталығы

Ұлы
Жібек
жолы

Алтын
мен күміс

Қағазға
басылған
жазулар

Мәңгілік
тастар

Александрия
кітапханасы

Даналық
үйі

Отырар
әкіміне
сыйлық
сыйлау

Дәстүрге
айналды

Мамун
Халиф

Ғұламал
арды
сахабал
арды

Медресел
ер
кітапхана
лар

мешітте
р



*Менің сабаққа да,
өзіме де көңілім
толды,
Тапсырмаларды
өте жақсы
орындап, жақсы
баға алдым.*

Рефлексия



*Сабақ жақсы және
қызық болды.
Сабаққа жақсы
қатыстым
деп ойлаймын.*



*Сабақтан
жақсы ештеңе
алған жоқпын.
Не айтылғандарын
да түсінбедім.
Қызық емес.*

Үй тапсырмасы:

Мәтінге жоспар құрастыру

